«Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Ай-Сана бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное предприятие "Ясли-сад Ай-Сана" государственного учреждения «Аппарат акима Сарыозекского сельского округа»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

Сарыөзек ауылы Б.Момышұлы көшесі
2018 жылғы «11»маусым

с.Сарыозек Б.Момышулы
«11»июня 2018 года

№12

«2018 жылғы конкурс тәсілімен өтетін мемлекеттік сатып алуды іске асыру үшін конкурстық комиссияны құру туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрімен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды іске асыру Ережесін бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 мемлекеттік сатып алуды іске асыру Ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мына құрамда конкурстық комиссия өзгертілсін:

Ж.А.Даулетбекова директор – комиссия төрағасы
Н.Омаров директордың ШЖО– төрағаның орынбасары
Г.Маширбетова кәсіподақ мүшесі –комиссия мүшесі
Ж.Тустикбаева тәрбиеші-комиссия мүшесі
А.Мустафина тәрбиеші-комиссия мүшесі

2.Конкурс комиссиясы төрағасының міндеттері белгіленсін:

1) Конкурстық комиссия жұмысын жоспарласын және басшылық етсін;
2) Конкурстық құжаттамасын бекітсін;
3) Конкурстық комиссия отырысында төрағалық етсін;
4) Конкурстық комиссия шешімінің іске асырылуын бақылауға алсын;

3.Конкурстық комиссия хатшысы болып бухгалтер С.М.Абдрахманова тағайындалсын және төмендегі міндеттері белгіленсін:

1) Конкурс құжаттамасының жобасын қалыптастыру және веб-порталға орналастыру;
2) веб-порталға конкурстың өткізілуі туралы хабарламаны, конкурс құжаттамасының жобасын алдын-ала талқылау хаттамасын, конкурсқа қатысу өтінімдерін қарастыру хаттамасын, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат хаттамасын, конкурс арқылы мемлекеттік сатып алу

қорытындысы туралы хаттаманы, сонымен қатар басқа да құжаттарды орналастыру;

3) мемлекеттік сатып алуды іске асыру ережесіне сай басқа да шараларды жүзеге асыру.

4.Конкурс комиссиясы хатшысына бекітілген конкурстық құжаттама түпнұсқасы мен оның қосымшалары ұсынылсын.

5.Конкурс төрағасының орынбасары, конкурстық комиссия мүшелері тауарларды сатып алу, жұмыс және қызмет көрсетуге дейін бекітілген конкурстық құжаттамасымен таныстырылсын.

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырыма аламын.

Директор **Ж.Даулетбекова**